

Ақмола облысындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жекелеген жер учаскелерін босалқы жерге ауыстыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 мамырдағы № 487 қаулысы

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 13-бабына және «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Ақмола облысының Бурабай ауданындағы «Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының «Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» мемлекеттік мекемесінің жалпы алаңы 33,0 га жері ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлері санатынан босалқы жерлер санатына ауыстырылсын.

2. Ақмола облысының әкімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағында көрсетілген жер учаскелерін «ҚазТрансОйл-Сервис» акционерлік қоғамына беруді қамтамасыз етсін.

3. «ҚазТрансОйл-Сервис» акционерлік қоғамы ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлерін босалқы жерлерге ауыстыруға байланысты қолданыстағы заңнамаға сәйкес орман шаруашылығы өндірісінің шығындарын республикалық бюджеттің кірісіне өтесін және алынған сүректі Қазақстан Республикасының Президенті Іс басқармасының «Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне бере отырып, алаңдарды тазалау бойынша ш а р а л а р қ а б ы л д а с ы н .

4. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.09.2015 № 745 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н
Ү к і м е т і н і ң
2 0 1 4 ж ы л ғ ы
№ 4 8 7
қ о с ы м ш а

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов
Р е с п у б л и к а с ы*

1 3

м а м ы р д а ғ ы

**«Қазақстан Республикасының Президенті Іс басқармасының
«Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» мемлекеттік**

**мекемесінің ерекше қорғалатын табиғи аумақтары жерлер санатынан
босалқы жерлер санатына ауыстырылатын жерлердің экспликациясы**

р/с №	Жер пайдаланушының атауы	Жалпы алаңы, гектар	оның ішінде:					
			орманды жерлер	алаңдар	жайылым	шабындық	жолдар	күмдар және алқаптар
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	«Қазақстан Республикасының Президенті Іс басқармасының «Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» мемлекеттік мекемесі	33,0	33,0	-	-	-	-	-
2	Жиыны	33,0	33,0	-	-	-	-	-

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК